

Бекітемін

**Сарыағаш ауданының білім бөлімінің
«№74 жалпы білім беретін мектеп» ЖММ
директоры К.О.Қалдығозова-----
« 28» тамыз 2023ж**

**Мектепалды сыныбының
2023-2024 оқу жылына арналаған
ата-аналармен жұмыс жоспары**

Мектепалды сыныбының тәрбиешісі: Алтынтуреева А

**Мектепалды сыныбының
2023-2024 оқу жылында ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары**

№	Тоқсаны мен жылы	Тақырыбы	Жауапты
1	I-2023жыл	<p>1.Ата-аналар жиналысы «Жаңа оқу жылы құтты болсын!» Баяндама «Бала тәрбиесі»</p> <p>2. «Алтын күз» ертеңгілігі</p>	Тәрбиеші: Алтынтуреева А
2	II-2023 жыл	<p>1.Баяндама: «Ата-аналарға арналған кеңес»</p> <p>2. «Шырша мерекесі»</p>	Тәрбиеші: Алтынтуреева А
3	III-2024жыл	<p>1.Кеңес «Баланың тілін дамытуда ата-ананың рөлі »</p> <p>2. «Әз-Наурыз мерекесі құтты болсын» ертеңгілігі</p>	Тәрбиеші: Алтынтуреева А
4	IV-2024 жыл	<p>1.Ата-аналарға арналған тренинг: «Балаңыз мектепке дайынба?»</p> <p>2.«Қош бол, даярлығым» ертеңгілі</p>	Тәрбиеші: Алтынтуреева А

**Мектепалды сыныбының ата-аналар жиналысының хаттамасы.
Хаттамасы №1**

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны: 0

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Танысу.Сыныппен, педагогпен.
2. Ата-аналарды мектепке дейінгі оқу бағдарласымен таныстыру.
3. Оқу іс-әрекет түрлерімен таныстыру.
4. Ата-аналар комитетін сайлау.
5. Ата-аналарға арналған әңгімелесу тесті.

Тыңдалды:

Ата-аналар жиналысын педагог Бекарыстанова З.Р ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.Мектепке келген әрбір бала осы балабақшаны бітіріп кеткенге дейін осы үйдің туған бөбегіндей болып тәрбиеленеді, білім алады, жан-жақты дамиды, жетіледі.Балаларыңыз мектепке қабылданғаннан бастап тәрбиешілер олармен жеке жұмыс жүргізеді. Олардың тілін дамыту үшін, логикалық ойлауын, жан-жақты дамуын қалыптастыру мақсатында түрлі дидактикалық ойындар мен жұмыстар жүргізіледі.Мектептің бекітілген күн тәртібі арқылы балалармен уақытылы жұмыстар жасалып отырады, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, серуен, түскі ас,ойын түрлері- барлығы өз уақытымен өткізіліп отырады.

Педагог ата-аналарға ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерімен таныстырды. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті ұзақтығы 25-30 мин. Мерекеде, әуез, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті жүргізіледі.Және де әр мереке сайын балаларға тақпақтар,өлеңдер,билер үйретіледі.Мерекеге сай балаларыңызды киіндіріп жіберіп отырасыздар және де келіп көрулеріңізге де болады.Әр ата-ана өз пікірін айтты.

Ата-аналарға тест сұрақтары қойылды.Әр ата-ана сауалға өз ойларын білдіріп, ортаға салды. Сұрақтарға ауызша жауап берді.

Ата-аналар арасынан бірауыздан ойласа келе жауапкершілігі мол ата-ана комитетін сайлады.

Төрайымы :Айдаралы Назерке

Хатшы: Налибаева Айжан

№2 Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Ата –аналар жиналысының хаттамасы №2

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны:0

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы балалардың алған білімі мен кемшіліктері.
2. «Қош келдің Жаңа жыл!» мерекесіне дайындық
3. Ата-аналарға арналған кеңес

Тыңдалды:

Ата-аналар жиналысын педагог Бекарыстанова З.Р ашып, ата-аналарға мектептің күн тәртібін еске сала отырып, осы күн тәртібін қатаң түрде сақтауын өтінді.

Педагог балалардың үлгерімі мен тәртібін айтып өтті. Оқу жылының бірінші тоқсаныныда өтілген оқу іс-әрекет барысындағы әр балалардың жеткен жетістіктерін айтты. Балалардың сандарды танып, есептеуді үйренгендерін айтты. Педагог ата-аналарға қыркүйек айындағы бастапқы мониторинг нәтижесімен таныстырды. Жыл басындағы көрсеткіші төмен балалардың қазір біршама дәрежеге көтерілгенін айтты.

Балалардың жаңа жылдық ертеңгілікке дайындығын айтып, әр баланың мерекеге сәйкес киетін костюмдерін ата-аналарға тапсырды. Жаңа жылдық мерекені ата-аналардың келіп тамашалауына болатындығын айтты. Балалардың жаңа жылдық сыйлықтарын ата-аналар бірауыздарын ойласа келіп шешіп, ата-аналар комитетіне сеніммен тапсырды.

Педагог ата-аналарға арнап «5-жасар баланың оқу тәрбиесінің негізгі міндеттері» тақырыбында баяндама оқып, кеңес берді. Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарға жауап берді.

Қаулы:

1. Бала үлгерімінің жоғарылауына ата-ана да өз үлесін қоссын.
2. Жаңа жыл мерекесіне сәйкес әр балаға мерекелік костюм кигізілсін.

Төрайымы :Айдаралы Назерке

Хатшы: Налибаева Айжан

№3 Ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Мерзімі :

Қатысқаны: 18

Күн тәртібінде:

1.Ата-аналарды жалпы іс-шаралармен таныстыру.

2.Ата-аналарға отбасында тәрбие беруді сараптаушы жаднамасын түсіндіру.

3. Кеңес: «Баланы дамыту»

- Балаңызға қандай кітап сатып алып бересіз?

Сауалнама .

1.Тыңдалды. Ата-аналарды мектепте атқарылатын іс-шараларға тоқталды. Оның ішінде Наурыз айында болатын мерекесін атап өту туралы, ертеңгіліктердің түрлері, семинарлар үшін кеңестер т.б жоспарланған. Ашық есік күндері ата-аналармен өткізілетін , ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекеттері де жоспарланған-деді.

2.Тыңдалды.

Мектепалды тәрбиешісі өз сөзінде ата- анаға «**Баланың дамуы**»

тәрбие беру жаднамасын баяндады.

-Халық ауыз әдебиетімен таныстыру.

-Тұрмыстық техниканы қолдануды үйрету.

-Қазақ және басқа да халықтың музыкалық шығармаларын тыңдау.

-Рухани адамгершілік , мінез құлық негіздерін игеруін қамтамасыз ету.

-Еңбек әрекеттеріне жағдай жасау.

-Табандылық , еңбекке талпынушылық және басқа ерік жігер қасиеттерін дамыту.

Міне , осы жаднаманы біз болып, сіз болып жүзеге асыратын болсақ, дені сау ұрпақ тәрбиелей алатын боламыз-деді. Ата-аналарға сіз балаларыңызға қандай кітап сатып алып бересіз деген сұрақты қойды. Ертегі оқып , әжесінің әңгімесін тыңдаған бала басқа балаларға қарағанда жоғары деңгейде көрініп тұратындығы айтылды.

Шешімі :

1.Ата-аналарға түрлі кітаптар әкелулері тапсырылсын.

2.Отбасында тәрбие беруді , сараптаушы жаднамасын тәрбиешілер басшылыққа алсын.

Төрайымы :Айдаралы Назерке

Хатшы: Налибаева Айжан

№4 Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы.

Мерзімі:

Қатысқаны: 18

Күн тәртібінде

- 1.« Біз бір жылға есейдік» оқу тәрбие жұмысына есеп беру.
2. Ата-аналарға арналған тренинг: «Балаңыз мектепке дайынба?»

1. Тыңдалды.

Ол оқу тәрбие жұмысының есебіне тоқталды. Міне , ата аналар бір жыл бойы сіздердің балаларыңызбен жұмыстар жүргізіп келдік. Оқу жылының бірінші және екінші жарты жылдығында білім бөліміне балалардың бағалау индекаторын шығарып, тапсырып отырамыз. Индекатор балаларды әр сабақ бойынша бағалап , балдық деңгейін көрсету. Әр пән бойынша әр баланы жеке жеке бағалап шығамыз. орта ,төмен деңгейдегі балалардың 80пайызы жоғары деңгейге жеткені туралы айтылды. Келген ата- аналарға балаларының білім деңгейін ашықтап берді. Тәрбиешілер өз есептерін ата аналарға берді. Өз баласының білім деңгейін есіткен ата-ананың арасында қуанғаны да , таң қалғаны да кездесті.

2.Тыңдалды.

Ата-аналарға арналған тренинг: «Балаңыз мектепке дайынба?»

Тәрбиеші ата-аналарға арналған тренингте Балаларының қаншалықты мектепке баруға дайын екендігі туралы айтып өтті.Жәнеде қызықты ойындар арқылы,ата-аналар өздерінің қандай ата-ана екендігін,өз-өздеріне баға берді.Тренинг ата-аналарға өте қызықты болды. Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін ең бірінші баламен сөйлесу, көңіл бөлу керек екендігін көп деген ата-аналар өз қателіктерін түсініп отырды.

Шешімі :

1. Бірінші сыныпқа балалар дайындаулды әліде жаз уақытында қолға алу.

Төрайымы :Айдаралы Назерке

Хатшы: Налибаева Айжан